



ҚҰРЫЛЫС НЕГЕ БІТПЕДІ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



КЕРІСПЕН ЕМЕС, КЕҢЕСПЕН ШЕШІЛЕДІ

6-БЕТ | ШАРТАРАП



ТАРИХИ ТАҚЫРЫПТАРДЫ КІМГЕ ТАПСЫРАМЫЗ?

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ-ЕЛБАСЫ:

БІЗ ПАНДЕМИЯМЕН КҮРЕСТІҢ «АЛДЫҒЫ ШЕБІНДЕ» ЖҮРГЕН ДӘРІ-ГЕРЛЕР МЕН МЕДБИКЕЛЕРДІ, ҚҰҒЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ МЕН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУЫМЫЗ КЕРЕК. ОЛАРДЫҢ ИЫҒЫНА АУЫР ЖҮК ТҮСІП, ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТЫЛЫП ОТЫР. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ОЛАРҒА КӨМЕКТЕСІП, ТҮСІНІСТІК ТАНЫТУҒА ЖӘНЕ БАРЛЫҚ НҰСҚАУЫН ЖАУАП-КЕРШІЛІКПЕН ОРЫНДАУҒА ТЫРЫСҚАНЫ ЖӨН.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№71
(4195)
Сенбі
19 маусым
2021 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ДӘРІГЕРДІҢ ЕҢБЕГІ – ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕ

Пандемиямен алғы шепте күрескен ақ халатты абзал жандардың ерлігін елемеу мүмкін емес. Елімізде жыл сайын маусым айының үшінші жексенбісінде медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі атап өтіледі. Осыған орай, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев індетке қарсы күреске зор үлес қосқан медицина қызметкерлеріне арнап тұрғызылған «Алтын жүрек» ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты. Ескерткіш елорданың сол жағалауында Алматы мен Ақмешіт көшелерінің қиылысындағы жаңа саябақ аумағында орналасқан.

2



Елімізде алғашқы мемлекеттік мектеп Халықаралық бакалавриат бағдарламасы бойынша авторизация алды. Ол – елордадағы №81 «Astana English School» мамандандырылған гимназиясы.

Бүгінгі күнге дейін Халықаралық бакалавриат мектебінің мәртебесі Қазақстанда тек 9 білім беру ұйымдарына берілген еді. Олар, негізінен, жекеменшік мектептер мен Назарбаев Зияткерлік мектептері. № 81 мектеп осы тізімде 10-орынға ие болды және авторизация алған алғашқы мемлекеттік мектеп болып саналады. Авторизациядан өту үшін мектепке Халықаралық бакалавриаттың өкілдері бірнеше рет келіп, олардың халықаралық мәртебеге сәйкестігін тексерген. Тексеру процесі мектеп қауымдастығының барлық мүшелерімен сұхбаттасу және кездесулер түрінде өтті. Осы комиссиядан оң шешім алғаннан кейін ғана мектеп Халықаралық бакалавриаттың Дүниежүзілік мектебі деген дәрежені алды.



«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына 2700-ден астам өтінім қабылданды.

Еліміздің өңірлерінде «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауына қатысу үшін өтінімдерді қабылдау аяқталды. Биылғы жаңа ережелерге сәйкес, өтінімдерін тек отбасылардың өздері ғана емес, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет ұйымдары, еңбек ұжымдары, өнеркәсіптік кәсіпорындар, ҰЕҰ және басқа да заңды тұлғалар берді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының лауреаты атағы қыркүйек айында Отбасы күні қарсаңында Қазақстанның барлық өңірлерінен келген 17 үздік отбасыға берілді. Бұрын республикалық деңгейде бір ғана отбасы жеңіске жететін. Биылдан бастап өңірлік деңгейде жеңімпаз атанған барлық 17 отбасыға конкурс лауреаты атағы беріліп, тең марапатталады.



БЕДЕЛДІ СЫЙЛЫҚ ИЕСІ

Қазақстандық онколог-дәрігер Дилара Қайдарова Ресейдің дәрігерлерге арналған «Призвание» атты басты сыйлығын иеленді.

Марапаттау рәсімі Мәскеуде өтті. Онколог онко-ұрықтылық бағдарламасы бойынша жеткен жетістіктері үшін марапатталды. Бұл – біздің және ресейлік ғалымдардың бірлескен жобасы. «Призвание» сыйлығы ғылыми жаңалықтар ашқан, сондай-ақ емдеу және диагностикада жаңа озық әдістер жасаған дәрігерлерге табысталады. Қазақстанда 50-ден астам бала осы жаңа технологиялардың көмегімен дүниеге келді. Ал мына номинация ісік ауруымен ауырған аналардың бала тууға мүмкіндігі бар кезде медицинада жаңа бағыт қалыптастырғаны үшін табысталады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 509.95 \$ USD/KZT 426.77 ₸ RUB/KZT 5.89 ¥ CNY/KZT 66.34

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ҮЛЕСКЕРЛЕР БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ



Елорда әкімдігі жыл соңына дейін 50-ден астам тұрғын үй құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр.

Бұл тағы 7 мың үлескерге пәтер кілтін тапсыруға мүмкіндік береді.

2019 жылдың жазында елордада 52 проблемалық нысан бар еді. Сол жылы 10 проблемалы құрылыс аяқталды. «2020 жылдың қорытындысы бойынша 14 нысанда 20 үйдің құрылысы аяқталды. 2723 үлескер өз пәтерінің кілтін алды. Әкімдіктің уәкілетті ұйымы «Елорда құрылыс компания-

сы» 2021 жылы 18 нысанда 57 үйдің құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Бұл шамамен 7 мың үлескер» деп мәлімдеді «Елорда құрылыс компаниясының» басқарушы директоры Мақсат Шаяхметов.

Қалған «сақалды» құрылыстар 2021-2023 жылдары пайдалануға беріледі. Әрбір проблемалық нысан бойынша кезең-кезеңмен іске асатын іс-шаралар жоспары жасалды.

«ASHYQ» КӨШБАСШЫЛАРЫ

«Ashyq» жобасы жүзеге асырылғалы бері оған елорданың 1200-ден астам кәсіпкері қатысты. Бұл жобаның арқасында карантиндік шектеулер жағдайында бизнес түрлі жеңілдіктермен жұмыс істеп келеді.

Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің 2021 жылғы 3 маусымдағы қаулысына сәйкес, QR-код арқылы (check-in бойынша) келушілерді көп тіркеген нысанға «Ashyq» көшбасшылары мәртебесі беріледі. Мұндай мәртебені кәсіпкерлік нысан екі апта бойы иемденеді.

Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтанға 72 кәсіпкер QR-код арқылы (check-in бойынша) келушілерді барынша көбірек тіркеді. Олардың басым

бөлігін қоғамдық тамақтану нысандары, кинотеатрлар, театрлар мен бассейндер құрайды.

Жалпы, «Ashyq» қанатқақты жобасы – ең алдымен келушілер мен нысан қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ эпидемиологиялық бағалау бойынша қай «аймақта» орналасқанына қарамастан бизнеске, сондай-ақ тыйым салынған кәсіпкерлік нысандарының шектеусіз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.



СТУДЕНТТЕР САЯБАҒЫНДА ЖАҢА НЫСАН

Мұңайтпасов көшесіндегі Студенттер саябағында NS street life көше спортына арналған кешен (коллизей) орнатылады.



Көше спортына арналған екі деңгейлі мультифункционалды арена бұқаралық спортты дамытуға арналған. Онда баскетбол, футбол, бокс турнирлері мен би жарыстарын өткізу жоспарлануда. Ал қыста трибуна мұз

айдынына айналуы мүмкін. Оны орнату жұмыстары басталып кетті. Спорт әуесқойларына арналған жаңа орын шілде айында ашылады. «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» даму-жоспарының тұжырымдамасы аясында

қоғамдық кеңістіктер, саябақтар, жайлы қалалық орта, оның ішінде көше спортына насихаттау үшін инфрақұрылым салу қолға алынды. Мұндай алаңдардың әрбір ауданда болуы үшін полицентрлік қағидат ескеріледі» деп атап өтті қалалық сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ұранхаев.

NS street life көше спорт аренасында төрт кіреберіс, оның ішінде айнала отыратын орын болады. Екінші деңгейде көлеңкелі шатырлар қарастырылған. Бірінші деңгейде отыратын орындар саны – 350 адам, екінші деңгейде – 100-ге жуық. «Бос аумақтар – спорт үшін ең қолайлы орын. Ал Ататүрік атындағы саябақта йогга алаңы ұйымдастырылады. Көше спорты коллизейінің іші мен сыртында бірнеше жарысты қатар өткізуге болады» деді Урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкен.

Елордада «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» даму-жоспары аясында биыл 160 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланып отыр.

ҚАЙДА ШОМЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Елордада су нысандарын тізімдеу жұмыстары жүріп, нәтижесінде жүзуге арналған 23 орын анықталды. Оның ішінде Орталық жағажай, «Три пескаря» және «Столичный двор» демалыс аймақтарына рұқсат етілді. Судағы қауіпсіздік пен су айдындарындағы жазатайым оқиғалардың негізгі себептері жайлы Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Есен Байыров баяндады.

naima.kz.2012@bk.ru

Наима НУРАЛЫҚЫЗЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдай департаменті қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін қажетті іс-шараларды қарқынды жүргізуде.

«Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласында ТЖД күштері мен құралдары, 29 құтқарушы-сүңгуір, сүңгуірлік жарақтары бар 2 бірлік жедел-құтқару техникасы, 6 бірлік жүзу құралы (2 катер, 4 қайық) және басқа да құтқару жабдықтары пайдалануға дайын. Күн сайынғы рейдтік шараларға 80-нен астам маман жұмылдырылады. Ал демалыс және мереке күндері қызметкерлер саны артады» деді Есен Байыров.

Рейдтік іс-шаралар кезінде елорда тұрғындарымен және қонақтарына үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар қауіпсіздікті қамтамасыз ету және



азаматтарды ақпараттандыру мақсатында ТЖД әкімдікпен бірлесіп, 140 тыйым салу белгісін, 20 ақпараттық стенд және 20 жүзу белгісі шомылуға тыйым салынған орындарды орнатты.

«Нұр-Сұлтан қаласының су айдындарында 2020 жылдың шомылу кезеңінде 5 адам қаза тапты. Биыл шомылу кезеңі

басталғанға дейін елорданың су айдындарында қайғылы оқиғалар болып, 3 адам (оның ішінде 1 бала) мерт болды. Судағы жазатайым оқиғалардың негізгі себептері – тыйым салынған және жабдықталмаған орындарда мас күйде шомылу, сондай-ақ балаларды ересектердің қараусыз қалдыру» деді құзырлы мекеме өкілі.

ТОКИО

Қорғаныс маскалары COVID-19 пандемиясы кезінде маңызды әсерлерге айналды, дегенмен олар ең алдымен қауіпті ауруды жұқтыру қаупін азайтуға арналған. Әлемде гауһар, алтын және басқа да тастармен көмкерілген масканы пайда болды, бірақ бұл жолы Жапония жеуге жарамды маска ойлап тапты. Әзірлеушілер олардың өнертабысы вирустардан да қорғай алады деп отыр. Тәжірибелік маска жапондық тәтті тоқаштан жасалған. Хош иісті кондитерлік өнімдер тәбетті ашады, ал эксперимент авторлары масканың жоғарғы қабатын жеуге болмайтынын, әйтпесе оның тиімділігі жоғалатынын ескертті.



МАНИЛА

Індетінің кезекті толқынына душар болғанына қарамастан, Филиппин астанасы – Манила қаласында медициналық оқу орындарының студенттері қашықтан емес, бұрынғыдай білім ордаларына барып оқитын болды. Осының алдында студенттердің барлығы екіп салдырды. Олар маска тағып, үнемі дене қызуын тексеруге тиіс. Сондай-ақ студенттерге университет аумағынан сыртқа шығуға болмайды. Ұстаздардың айтуынша, осылай болашақ дәрігерлерге тәжірибе сабақтарын өткізбек. Онлайн сабақтар арқылы оқыту мүмкін емес. Оған қоса індетпен күресетін мамандарды көбірек дайындау қажет.

ЭЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Елордада оқшаулау режимін бұзғандарға қанша айыппұл салынады?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Қала тұрғындары карантин және оқшаулау режимін бұзған жағдайда жауапкершілікке тартылады. Айыппұл сомасы шамамен 90 мың теңгені (30 АЕК) құрайды. Бүгінгі таңда «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік нысандары арқылы үй карантинін бұзған 3550 адам анықталды. Олардың ішінде «қызыл» белгісі бар, яғни COVID-19 жұқтырған 1651 келуші, «сары» белгісі бар 1899 адам анықталды.

Карантиндік шараларды сақтау бойынша мониторинг топтарына жұмысты күшейту тапсырылды.

Сонымен қатар, мобильді топтар «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік нысандарының жұмысын тексереді. Яғни келушілердің мәртебесін тексеретінін, санитарлық нормалардың сақталуын, белгіленген уақыт режимі бұзылмайтынын бақылайды. Карантиндік шаралар бұзылған және сақталмаған жағдайда нысандар жабылады.

Сонымен қатар, оқшаулау режимін бұзатын және адам көп жиналатын орындарға баратын азаматтар да жауапкершілікке тартылады.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Әлібек ОМАР, елорда тұрғыны:

– Магистратураға түсу үшін өтініш қабылдау қашан басталады? Өтініштер онлайн қабылдана ма?

Оқырман сауалына қалалық білім басқармасының басшысы Шәкәрім Сейсенбай жауап берді:

– Магистратураға түсу үшін кешенді тестілеуге қатысуға өтініштер 18 маусымнан бастап онлайн түрде egov.kz сайтында қабылданады. Ал кешенді тестілеу 20 шілде мен 10 тамыз аралығында өтеді. Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу үшін халықаралық сертификаттарды ұсынуға немесе кешенді тестілеу (КТ) барысында шет тіліннен тест тапсыруға болады. Кешенді тестілеуге қатысу құны – 8292 теңге.

Магистратураға түсу форматына келетін болсақ, биыл ешқандай өзгеріс жоқ. Тестілеу

нәтижесімен келіспеген жағдайда талапкер КТ аяқталғаннан кейін 30 минуттың ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Тестілеу 3 бөлімнен тұрады: шет тілі бойынша тест, оқуға дайындығын анықтауға арналған және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест.

Биыл мемлекеттік білім тапсырысы бойынша магистратураға түсу үшін шекті балл өзгеріссіз қалды – 75 балл. Оқуға ақылы негізде түсу үшін 50 балл жинау қажет. Емтихан төрт сағатқа дейін жалғасады. Бакалавриат бойынша гранттардың жалпы саны – 56 561, магистратура – 13 263, докторантураға 1890 грант бөлінген.

АСТАНА АУДАНЫ

Қала тұрғындары үшін тағы бір қуанышты жаңалық. Алматы ауданының аумағында Сарайшық көпірінің бойында бірегей бөртегүл саябағын жабдықтау жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күні 1000-нан астам ағаш отырғызылды, оның 700-ден астамы – бөртегүлдің әртүрлі сорты. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі астананы көгалдандыруға ерекше назар аударып отыр. Қалада жаңадан жасыл аймақтар мен көрікті жерлер көптеп ашылуда. Биыл медициналық қызметкерлерге,

мұғалімдерге, құтқарушыларға арналған тақырыптық саябақтарды ашу және абаттандыру жоспарланған.

Жақында Байқоңыр ауданында, Жазушылар аллеясында ашық аспан астындағы кітапхана ұйымдастырылды. Әр сенбі сайын оқырмандар мұнда ақын-жазушылармен кездеседі.

Өңір өмірі

Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма су қоймасында Қазақстандағы ең ұзын көпірдің құрылысы басталды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Құршым ауданында Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпірдің құрылысы басталды. Екі жолақты автокөлік көпірі Құйған ауылының жанындағы жасанды су қоймасының ені ең жіңішке ұзакесінде салынады. Көпірдің ұзындығы 1,3 шақырымнан асады. Құршым мен Көкпекті аудандарын

жалғайтын жобаның мердігері – «ОблШығысЖол» ЖШС.

Құрылыс жұмыстары 2024 жылға дейін аяқталады деп жоспарлануда. Қазіргі уақытта құрылыс алаңында дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Мәселен, айналма және технологиялық жолдар төселді, электр желілері тартылып, су өткізу құбырлары орнатылды. Бұдан бөлек, көпір салушыларға арналған жатақхана тұрғызылуда.

7. 6:00 «ҒАШЫҚТАР» телехикаясы. 6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы. 7:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы.

31. 07.05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау). 07.30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», телехикая. 08.50 «ЯСМИНИҢ ТАҒДЫРЫ», телехикая.

31. 06:00 Ризамын (қаз.). 07:00 «Армагеддон» (қаз.). 07:40 Информбюро (қайталау).

7. 06:00 Т/п «Қуырдақ». 07:00 Т/п «Айна-online». 07:30 Скетчком «Q-елі».

7. 06:00 Т/п «Қуырдақ». 07:00 Т/п «Айна-online». 07:30 Скетчком «Q-елі».

HTK. 07.00 «Разминка» (қаз/рус). 07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTALIKE» (қаз.).

18.30 «РЕВЮ» (қаз.). 19.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTALIKE» (қаз.). 19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ».

31. 06:00 Ризамын (қаз.). 06:40 «Армагеддон» (қаз.). 07:40 Информбюро (қайталау).

7. 6:00 «ХабарLine». 7:00 Тұсауескер Тікелей эфирде: «Таңғы хабар».

ASTANA TV. 6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы.

7. 06:00 Т/п «Қуырдақ». 07:00 Т/п «Айна-online». 07:30 Скетчком «Q-елі».

HTK. 07.00 «Разминка» (қаз/рус). 07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTALIKE» (қаз.).

31. 06:00 Ризамын (қаз.). 06:40 «Армагеддон» (қаз.). 07:40 Информбюро (қайталау).

31. 06:00 Ризамын (қаз.). 06:40 «Армагеддон» (қаз.). 07:40 Информбюро (қайталау).

7. 06:00 Т/п «Қуырдақ». 07:00 Т/п «Айна-online».

HTK. 07.00 «Разминка» (қаз/рус). 07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTALIKE» (қаз.).

31. 06:00 Ризамын (қаз.). 07:00 «Армагеддон» (қаз.). 07:40 Информбюро (қайталау).

HTK. 07.00 «Разминка» (қаз/рус). 07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTALIKE» (қаз.).

7. 06:00 Т/п «Қу-гүлет». 06.30 Т/п «Айна-online». 07.30 Скетчком «Q-елі».

ASTANA TV. 6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы.

7. 6:00 «ХабарLine». 7:00 Тұсауескер Тікелей эфирде: «Таңғы хабар».

ASTANA TV. 6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы.

31. 06:00 Ризамын (қаз.). 07:00 «Армагеддон» (қаз.). 07:40 Информбюро (қайталау).

HTK. 07.00 «Разминка» (қаз/рус). 07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTALIKE» (қаз.).

HTK. 07.00 Телехикая «Өмірдің өзі новелла».

ASTANA TV. 6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы.

7. 6:00 «ХабарLine». 7:00 Тұсауескер Тікелей эфирде: «Таңғы хабар».

ASTANA TV. 6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы.

7. 06:00 Т/п «Қу-гүлет». 06.30 Т/п «Айна-online».

HTK. 07.00 Телехикая «Өмірдің өзі новелла» (қаз.).

7. 06:00 Т/п «Қу-гүлет». 06.30 Т/п «Айна-online». 07.30 Скетчком «Q-елі».

HTK. 07.00 Телехикая «Өмірдің өзі новелла» (қаз.).

7. 6:00 «ХабарLine». 7:00 Тұсауескер Тікелей эфирде: «Таңғы хабар».

7. 06:00 Т/п «Қу-гүлет». 06.30 Т/п «Айна-online».

HTK. 07.00 Телехикая «Өмірдің өзі новелла» (қаз.).

HTK. 07.00 Телехикая «Өмірдің өзі новелла» (қаз.).

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

ЕСКІ ҚОРЫМ СЫР ШЕРТЕДІ

Қараөткел мұсылман зираты – елордадағы Жастар шағын ауданында орналасқан. Оның аумағы 18 га құрайды. Бұл – ертеден келе жатқан зират.



Қазірдің өзінде қорымда екі мыңдай құлпытас бар. Ал бұған дейін 10 мыңдай құлпытас болған. Құлпытастардың көбін кеңес өкіметі кезеңінде, 1948-1950 жылдары құрылыстың іргетасына қолданған екен.

зиратта Кенесары ханның 250 сарбазының жатқаны да анықталды. 1838 жылы Ақмола бекінісі болып тұрғанда Кенесары хан бекініске шабуыл жасап, үлкен шайқас болған.

Солардың басына қойған тас табылып, арабадан кириллицаға аударылды. Балуан Шолақ бабамыздың ғашығы Ғалия да осында жерленген.

Table with columns: ID, Name, Surname, Birth Date, and Description. Rows include entries like 6633 ДОСМАГАМБЕТОВА ЖҮЛДЫЗ, 6634 ДОЛИНСКАЯ АЛЕКСАНДРА, 6635 ХОЛОВА ЮЛИЯ, etc.

Table with columns: ID, Name, Surname, Birth Date, and Description. Rows include entries like 6717 МИРТАЕВА АЙНУР, 6718 ГОЛОВКО ЕВГЕНИЯ, 6719 ИЛЬЯСОВ ЧИНГИС, etc.

Table with columns: ID, Name, Surname, Birth Date, and Description. Rows include entries like 6801 ЕРМАГАНБЕТОВА ЛАЗЗАТ, 6802 ЕРМАГАМБЕТОВ ДУЛАТ, 6803 НОСЕНКО ЛАНА, etc.



Table with columns for registration number, name, date, and status. Rows include entries like 6886 ЕБДИЛЬМАНОВ, 6887 АБДРАХМАНОВА, 6888 САУДАБАЕВА, etc.

Table with columns for registration number, name, date, and status. Rows include entries like 6971 ТОКУЖИНОВА, 6972 КҰРҰМБАЕВА, 6973 НАЙЫПОВА, etc.

Table with columns for registration number, name, date, and status. Rows include entries like 7059 ДАУЛЕТХАНОВА, 7060 МЫРЗАЛИЕВА, 7061 КҰТҰБАЕВ, etc.

